

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9
желтоқсандағы шешімімен
БЕКІТІЛДІ.**

Хаттама №12

Директорлар кеңесінің Төрағасы

Г.И. Исимбаева



**«АВАI UNIVERSITY»
2022-2025 жж. арналған
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Алматы қ., 2021

МАЗМҰНЫ

1 Бөлім. АБАІ UNIVERSITY БҮГІНІ.....	3
2 Бөлім. ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТА.....	6
2.1 Әлемдік экономика және білім беру трендтеріне талдау.....	6
2.2 Қазақстандық педагогикалық білім беру: трендтер мен сын-тегеуріндер.....	7
3 Бөлім. ҚҰНДЫЛЫҚТАР, МИССИЯ, ПАЙЫМДАУ.....	9
4 Бөлім. АБАІ UNIVERSITY СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ.....	9
4.1 Abai University – академиялық шеберлік орталығы.....	9
4.2 Abai University – педагогикалық зерттеу университеті.....	14
4.3 Abai University – ашық университет.....	15
4.4 Abai University – әлеуметтік-жауапты университет.....	16
4.5 Abai University – жұмылдырылған (мүдделі) университет.....	17
4.6 Abai University – цифрлы университет.....	19
4.7 Abai University – тиімді университет.....	21
4.8 Abai University – friendly campus.....	24

1 Бөлім. ABAI UNIVERSITY БҮГІНІ

Abai University – білім, ғылым және мәдениет саласының ірі орталығы, Қазақстанның жетекші университеттерінің бірі және педагогикалық білім беру көшбасшысы. **Бүгінде Abai University** дәстүрді, заманауи жетістіктер мен тәсілдерді біріктіреді. Еліміздің алғашқы жоғары оқу орны ретінде Университеттің ең алдымен педагогикалық кадрларды дайындауда тарихы терең, ғылыми-білім беру қызметінің жоғары көрсеткіштеріне ие, Университет Алматы қаласының тарихи орталығында, мегаполистің әлеуметтік және мәдени маңызы бар объектілеріне ыңғайлы жерде орналасқан.

Университет QS World University Ranking 2022 әлемдік рейтингінде 551-560 позициясын (қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 5-ші орын); QS EECA (Emerging Europe & Central Asia) рейтингінде 82-орынды (қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 4-ші орын) иеленді; QS by Subject «Білім беру» рейтингі бойынша «Ағылшын тілі мен әдебиеті» пәндері рейтингісінің 201-250 тобына енді. THE Impact Rankings 801-1000, QS Graduate Employability Rankings 501 (қазақстандық ЖОО арасында 2-ші орын), Webometrics Ranking of World Universities университеттер сайттарының рейтингінде (маусым 2021) – қазақстандық ЖОО арасында 10-шы орын және ҚР педагогикалық ЖОО арасында 1-ші орын иеленген. Web of Science деректері бойынша университет импакт-факторы бар жарияланымдар саны бойынша республиканың педагогикалық жоғары оқу орындары арасында көшбасшы болып табылады.

Жоғары оқу орындары мен білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингтерінде Abai University – еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындары арасында көшбасшы. 2021 жылы «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша институционалдық рейтингте (БСҚТҚА) 1-ші орынға ие болды, бағдарламалық рейтингте ТОП-3-ке 13 ББ (БСҚТҚА) және 12 ББ (KAZSEE) кірді, ал білім беру бағдарламалары рейтингінің ТОП-3-ке 43 білім беру бағдарламасы кірді, оның ішінде 37 ББ педагогикалық бейіндегі. Қазақстан Республикасында сұранысқа ие жоғары оқу орындарының 2021 жылғы Ұлттық рейтингінде Университет 20 ЖОО арасында 4-ші орында тұр.

Abai University 95 бакалавриат, 79 магистратура, 43 PhD білім беру бағдарламалары бойынша үш тілде білім береді, оның ішінде 91 педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламалары: бакалавриат – 51, магистратура – 26, PhD – 14. Университеттің 76 білім беру бағдарламасы, оның ішінде білім беру бойынша 57 ББ ASIIN, ACQUIN (Германия); НААР, БСҚБТА (Қазақстан) сынды аккредиттеу агенттіктерінде аккредиттелген. Университет 2019 жылы БСҚТҚА агенттігінде 5 жыл мерзімге институционалдық аккредиттеуден өтті.

Бүгінде Abai University-де 16685 адам, оның ішінде 15 006 бакалавриат студенті, 1436 магистрант, 243 докторант білім алууда. Соңғы үш жыл ішінде білім алушылар саны 39%-ға (2017 жылы – 6633 адам) өсті. Білім беру гранттары бойынша 7953 адам оқиды. Университетте 524 шетелдік студент оқиды, олар жалпы білім алушылар санының 3,2%-ын құрайды. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша серіктес ЖОО-да 75 білім алушы оқиды, оның 39-ы Франция, Польша, Литва, Түркия, Қытай, Ресей университеттерінде білім алды.

Кесте

Контингенттің өсу серпіні	2017	2018	2019	2020	2021
Барлығы	6942	8459	10460	13479	16685
Бакалавр	5636	6860	8877	11872	15006
Магистратура	1118	1201	1153	1194	1436
Докторантура	188	398	430	413	243

2021/2022 оқу жылында ПОҚ штаттық саны 970 оқытушыны құрады, оның ішінде 127 ғылым докторы, профессорлар, 298 ғылым кандидаты, доцент, 81 Ph.D докторы бар, олардың үлесі 55%-ды құрайды. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарынан дәріс оқуға 53 профессор, оның ішінде Франция университеттерінен 18 профессор шақырылды.

2021 жылы 14 жоба республикалық бюджет қаражаты және басқа да көздер есебінен 208 874 450 теңгеге, сонымен қатар, университет бюджетінен 38 жоба барлығы 176 365 000 теңгеге қаржыландырылды. Ғылыми зерттеулердің жалпы бюджеті 385 239 000 теңгені құрады.

2021 жылы жарық көрген 3255 мақаланың 165 мақаласы шетелдік импакт-факторлы журналдарында (Web of Science – 15 мақала, Scopus – 150) жарық көрген, 500-дей оқытушы мен ғалымдарда Хирша индексі бар.

14 ғылыми журнал шығарылады, оның 5-і ҚР БЖҒМ БЖҒСБК ұсынған тізбеге кіреді және олар қазақстандық дәйексөз алу базасына енгізілген. 2021 жылы инновациялық әзірлемелерге 4 патент және 70 авторлық куәлік берілді. PhD дәрежесін алу үшін жас ғалымдар кеңесі мен 13 диссертациялық кеңес жұмыс істейді. Сондай-ақ, студенттер ғылымы қарқынды дамуда: 2021 жылы 154 білім алушы халықаралық және республикалық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары болды.

Университет 11 халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтардың ұжымдық мүшесі болып табылады. Университет әлемнің 33 елінің 140+ университетімен, оның ішінде – әлем университеттерінің ТОП-500 академиялық рейтингіне енетін 20 университетпен (The Academic Ranking of World Universities, ARWU) ынтымақтастық жасайды. Abai University 10 халықаралық ғылыми-білім беру жобасын жүзеге асыруда: Erasmus+, DAAD, GEKAVOC, Mevlana және т.б. Қазақтың мәдениеті мен ұлы Абайдың мұрасын насихаттау мақсатында Қытай, Вьетнам, Түркия, Ресей, Польша университеттерінде Абайдың 6 халықаралық білім беру орталығы ашылды.

Abai University-де корпоративтік басқару жүйесі енгізілген, ҚР БЖҒМ РОӘК-нің «6B01-7M01-8D01 Педагогикалық ғылымдар» кадрларды дайындау бағыты бойынша жобаларды басқару тобының ОӘБ жұмыс істейді.

Abai University Қазақстан жоғары оқу орындары арасында бірінші болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ISO 37001-2016 халықаралық сертификатына ие болды, оқу орнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы Кеңес және «Парасат» орталығы құрылды.

Abai University «Izgilik elshysi – Акселератор добра» жобасы ұлттық еріктілер қозғалысы ауқымына ие болды, оған республиканың 17 жоғары оқу орнының студент жастары қатысады.

Университет инфрақұрылымындағы 15 оқу ғимараты (374 оқу аудиториясы, 65 оқу-ғылыми зертханасы мен шеберханасы, 52 мамандандырылған кабинет, 37 компьютерлік сынып, 9 лингафондық кабинет), 5 студенттік жатақхана, денсаулық сақтау пункті, тамақтану пунктері, М.Әуезов атындағы спорт кешені, «Ұстаз» оқу-өндірістік кешені оқу үдерісін, ғылыми зерттеулерді және мәдени-бұқаралық іс-шараларды толыққанды өткізуге мүмкіндік береді. Кітапхана қоры 1 млн. 725 мың дана әдебиетті құрайды. Интернетке шығатын университеттік ақпараттық-коммуникациялық корпоративтік желі құрылды. Университеттің Интернет-кеңістікте тұрақты өкілдігі бар - үшінші деңгейдегі домендік атпен <https://abaiuniversity.edu.kz> веб-порталы жұмыс істейді.

SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
– 1928 жылдан бастап нарықта тұрақты беделге ие болды;	– профессор-оқытушылар құрамы мен докторанттардың ғылыми-зерттеу

<ul style="list-style-type: none"> – ұлттық ЖОО мәртебесі; – республиканың кәсіптік-педагогикалық білім беру қызметтері нарығындағы басымдылығы; – күшті профессор-оқытушылар құрамы; – бакалавр түлектерінің жұмысқа орналасуының деңгейі жоғары (96%); – педагогикалық білім берудің практикалық бағыты; – докторанттар мен магистрлер контингентінің басымдығы; – қос дипломдық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және халықаралық бағдарламалар алмасуға қатысу; – ағылшын тілінде педагогикалық кадрларды дайындау; – ұлттық рейтингтердегі көшбасшылық позициялар және халықаралық ренкингтерде позициялау; – студенттерге бағытталған әлеуметтік саясат; – университет қаражаты есебінен ғылыми жобаларды қаржыландыру; – кампустың Алматы қаласының тарихи орталығында орналасуы; – әскери кафедраның болуы. 	<p>белсенділігінің әлсіздігі;</p> <ul style="list-style-type: none"> – ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізудің әлсіздігі; – материалдық-техникалық базаның әлсіздігі; – республикадан тыс жерлерде тану деңгейінің төмендігі; – кадрлардың қартаюы; – ПОҚ мен білім алушылардың шет тілдік құзыреттілігінің төмендігі; – университеттің цифрлық трансформациясының ескірген экожүйесі; – коммерциализацияның төмен деңгейі; – білім алушыларға жатақханадағы орындардың жеткіліксіздігі; – Түлектер қауымдастығының белсенділігінің төмендігі және эндаумент қорының жоқтығы.
<p>Университеттің сыртқы ортасы және стратегиялық мүмкіндіктері</p>	<p>Университеттің дамуына кедергі келтіруі мүмкін қауіптер мен тәуекелдер</p>
<ul style="list-style-type: none"> – мемлекеттік және институционалдық қолдау; – педагог мәртебесінің артуы; – педагогикалық білім беруді жаңғырту, педагогтің үздіксіз кәсіби даму жүйесі; – жоғары оқу орындарын бейіндеу; – академиялық еркіндік мүмкіндіктерін пайдалану; – кадрларды қайта дайындау, мамандыққа кіру және қосымша білім алу қажеттілігі; – LLL қажеттілігі (үздіксіз білім); – Білім берудегі AI, VR/AR; – жаңа білім беру нарықтары (шетелдегі этникалық қазақтар: Қытай, Моңғолия, Түркия, Ауғанстан, Иран); – кадрларды дайындаудың мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігі; – студенттік стартаптарды, жас кәсіпкерлердің жобаларын қолдау. 	<ul style="list-style-type: none"> – білім беру қызметтері нарығындағы жоғары бәсекелестік; – пандемия; – экономикалық дағдарыс және оның әсері; – халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуі; – ақылы білім беру құнын арттырудың жалпы тенденциясы; – ҚР-нан студенттердің кетуінің көбеюі; – «цифрлық теңсіздікті» тереңдету; – педагогикалық кадрлардың қартаюы және феминизациясы.

2 Бөлім. ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТА

2.1 Әлемдік экономика және білім беру трендтерін талдау

2020-2030 жылдарға арналған әлемдік экономиканың күн тәртібін бес басты тренд қалыптастырады және білім беруді дамытуға әсер етеді:

1. *Жаңа өнеркәсіптік революция шеңберінде жаңа технологиялық парадигмаға көшу, «Индустрия 4.0»;*
2. *Қосымша құн құрудың тізбегін өзгерту;*
3. *Экономикалық емес факторлардың пайда болуы, мысалы, экологиялық-достық және этикалық мінез-құлыққа байланысты;*
4. *Цифрландыру және жаһандық роботтандыру;*
5. *Құзыреттілікке жаңа көзқарас.* Адамзат өмір бойы білім алуы керек, тіпті мамандықты бірнеше рет түбегейлі өзгертуге тура келуі мүмкін, бұл көптеген адамдар үшін «басты» жеке міндет болады.

Белгісіздік – адамзаттың қазіргі өмірінің МEGATPPEHДІ. «Индустрия 4.0» жаңа экономикалық құрылымында «білім экономикасымен» бірге *белгісіздік жағдайында жұмыс істеуге қабілетті және шығармашылық тәсілді талап ететін күрделі талдамалық міндеттерді орындай алатын адамдар көбірек кәсіби артықшылықтарға ие болуда.* Сыни тұрғыдан ойлау, деректердің ірі ауқымын қолдану, командада тиімді жұмыс істеу, өзгерістерге тез бейімделу сияқты *әмбебап «XXI ғасыр дағдыларын»* дамыту жағына баса назар аудара отырып, білім берудің жаңа құрамдас бөліктері туралы мәселе туындайды.

Білім берудегі негізгі трендтер ақпараттық дәуірмен және *жасанды интеллект келешегінің проблемаларымен, «Z» ұрпағының әлемді қабылдауы, ақпараттық ортаға бейімделудің қиындығы, бостандық пен киберқауіпсіздік мәселелері, виртуалды әлемнің құндылықтары контекстіндегі білім беру философиясы мен білім беруді басқарудағы жаңа тәсілдер сияқты мәселелерді шешу мүмкіндігімен байланысты.*

Төмендегі әлемдік үрдістер жалпы білім беру үшін өзекті болып табылады.

Жаһандану. Білім және ғылым әлемі жаһандық сипатқа ие болды. Жаһандану процестері әртүрлі елдер мен елдердің топтары арасындағы экономикалық, саяси, идеологиялық, мәдени (білім беру) байланыстарды күшейтеді. Осы жаһандық процестерге сәйкес әрбір мемлекет тұрақты бәсекеге қабілеттілік жағдайында болу, объективті шындықтың сын-қатерлерін белсенді түрде жеңу үшін өзінің білім беру траекториясын жасайды.

Интернационализация. Интернационализация ұлттық білім беру жүйелерін дамытуға, әртүрлі ұлттық жүйелер арасындағы алшақтықты азайтуға, бірдей жоғары стандарттарға қол жеткізуге бағытталған. Интернационалдандырудың арқасында білім беру мазмұны өзара байытылуда. Сонымен қатар, әр ел өз қажеттіліктеріне, мәдени ерекшеліктеріне және білім беру дәстүрлеріне сәйкес осы стандарттарға жетудің жолдары мен құралдарын дербес таңдайды.

Білім беруді демократияландыру. Әлемдік білім беру саясатын дамытуда білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі қағидаттарына, вариативтілік, саралау, әртараптандыру, жеке өзін-өзі тану және рефлексивтілік идеяларына, сапалы білімге қол жеткізуге және білім беру процесінің барлық қатысушыларының құқықтары мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге негізделген эгалитаристік көзқарас тұрғысынан білім беруді демократияландыру проблемасы басым болып қала береді.

Жоғары білімнің жаппай шоғырлануы және клиентке бағдарлануы университеттер арасында үлкен бәсекелестікке әкелді, ал білім берудің жаһандануы әртүрлі елдердің бірнеше университеттері арасында стратегиялық одақтар құруға негіз болды. Жаппай шоғырландыру нәтижесінде білім беру инклюзивті (әмбебап) және халықтың әртүрлі топтары үшін қол жетімді болады. Барлығы дерлік кез-келген жаста оқиды (экономикалық дамыған елдерде жалпы жоғары білімге көшу, өмір бойы білім алу).

Білім беруді гуманитаризациялау руханиятты, жеке мәдениетті, планетарлық ойлауды, әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға арналған. Адамның жалпыадамзаттық мәдениетпен үйлесімді дамуы базалық гуманитарлық мәдениетті игеру деңгейіне байланысты.

Білім беруді әртараптандыру білім беру мазмұнын (пәндер құрамы және олардың өзара іс-қимылы) анықтауға, ұйымдастыруға, әдіснамаға, әдістемеге, технологияға, білімді бақылауға, сондай-ақ жаңа мамандықтарды анықтауға әртүрлі көзқарастардың кенеюінен көрінеді. Дәл осы негізде мамандықтар мен пәндердің, әдістер мен технологиялардың жаңа сапасы пайда болады.

Әлемнің жетекші білім беру жүйелері мен университеттері тәжірибесін талдау мынадай үрдістерді көрсетеді:

1. *Білім берудің қолжетімділігін (инклюзивтілігін) арттыру* – білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының құқықтары мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, гендерлік теңдік, инклюзивті білім беру, яғни ерекше білім алу қажеттілігі бар білім алушыларды ғана емес, табысы төмен отбасылардан, ұлттық азшылықтан және т. б. шыққан студенттерді нысаналы қолдау.

2. *Интернационализация*. Жоғары білім саласындағы жаһандану үдерістері білім беруді интернационалдандыру ретінде көрінеді.

3. *Life-Long Learning*. Бүгінгі таңда әлемде Life-Long Learning тенденциясы басым, өйткені оқыту бұрынғы «өмір бойына білім» моделіне қарағанда өмір бойымен өтеді. Қазір олар LLL & LWL туралы айтады, үздіксіз білім өмір бойғы оқыту (life-long) және өмір бойына оқыту (life-wide) сияқты көрінеді. Өмір бойына оқыту (LWL – life wide learning) адам өмірінің әртүрлі аспектілерін оқытумен қамтуды кеңейтуді, кәсіби дағдыларға ғана емес, ол үшін басқа да өмірлік, қажетті және жай ғана қызықты құзыреттерге оқытуды көздейді.

Университеттің 2020-2025 жылдарға арналған қолданыстағы Даму стратегиясына түзетулер енгізу кезінде уәкілетті орган – ҚР БЖҒМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі хаттамасының шешіміне сәйкес («ағымдағы жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде жоғары оқу орындарының даму стратегияларын қайта қарау және бекіту») біз соңғы жылдағы ауқымды дағдарысқа алып келген коронавирустық инфекция пандемиясының таралуына байланысты жаңа қабылдауларды ескердік. «Пандемия мен жаһандық рецессияның интегралдық әсері «жаңа шындықты» қалыптастырып, Қазақстанның дамуының базалық сценарийін түбегейлі өзгерткені белгілі. Қазіргі таңда сын-қатерлер шиеленіскеннен кейін мынадай үрдістер күшейді: шикізатқа бәсекелестік қабілеттілігінің төмендеуі; қоғам өмірінің барлық салалары мен экономика салаларын цифрландыруды жеделдету, технологиялық парадигма мен тұтыну құрылымының ауысуы (Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары ҚР Президентінің 26.02.2021 жылғы №521 Жарлығының редакциясында).

2.2 Қазақстандық педагогикалық білім беру: трендтер мен сын-тегеуріндер

Қазақстанда жалпы педагогикалық білім беруді дамытуды анықтайтын трендтер де байқалды. Олардың ішінде ең маңыздыларының қатарына мыналар жатады:

1. *Педагог мәртебесін арттыру*. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы мұғалімдер мен білім беру жүйесінде жұмыс істейтін адамдар үшін жағдай жасауда.

2. Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын *жоғары оқу орындарын бейіндеу*.

3. *Педагогикалық мамандыққа кіру жүйесін жаңғырту* – шығармашылық емтихандарды тапсыру кезінде критерийлерді өзгерту, оқуға түсу үшін балдарды кезең – кезеңімен көбейту (2020 жылдан бастап-70 балл), педагогикалық қайта дайындау (PGCE).

4. 2021 жылдан бастап педагогикалық бейіндегі барлық түлектердің *кәсіби шеберліктерін сертификаттау (Ұлттық біліктілік тесті)*.

Педагогикалық білім беруді трансформациялау қажеттілігі педагогикалық жоғары оқу орындары бағдарламаларының мазмұны мен мектептегі білім берудің жанартылған мазмұны арасындағы алшақтыққа байланысты. Ол келесі жолдармен жүзеге асырылады:

1. Кәсіби стандартқа және білім беру саласындағы Ұлттық және салалық біліктілік шеңберіне сәйкес педагог кадрларды дайындау бағдарламаларын жаңарту (2022 жылға қарай – 100%).

2. Үздіксіз педагогикалық практиканың жаңа форматын 1-4 курстарға енгізу. Педагогикалық практиканың ұзақтығын арттыру, практиканы басқарғаны үшін педагогтердің еңбегіне ақы төлеу.

3. Түлектердің дағдыларының практика талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету - жоғары оқу орындарының мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарымен тығыз ғылыми-практикалық өзара іс-қимылы: балабақшалар мен мектептердегі кафедра филиалдары, практик-мұғалімдерді тарту және т.б.

4. Дуальді оқыту элементтерін енгізу. Кадрларды бір уақытта екі бағыт бойынша: теориялық және практикалық даярлау. Оқу уақытының 1/3-інде студент ЖОО-да базалық білім алады, 2/3-інде практикалық дағдыларды алады. Практика базасын қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарымен шарттар жасасу.

5. ШЖМ үшін педагогтарды дайындау. ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының Жіктеліміне сәйкес бакалавриаттың «Химия – Биология», «Математика – Физика», «Математика – Информатика», «Физика – Информатика», «География – тарих», «Тарих – Дінтану» және т.б. қосарланған білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындау көзделген.

6. Көптілді білімі бар педагогикалық кадрларды дайындау. Шет тілі бойынша кредиттердің көлемі ұлғайды. Педагогикалық жоғары оқу орындары «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика», «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбие» мамандықтары бойынша ағылшын тілінде педагог кадрлар дайындауды жүзеге асырады. Үштілді білім беруді дамыту үшін еліміздің жоғары оқу орындары білім беру қызметін «50:20:30» моделі бойынша жүргізуі тиіс (50% – ана тілінде, 20% – екінші тілде (қазақ немесе орыс), 30%-ағылшын тілінде, 3 курстан бастап).

7. Инклюзивті білім беру. Ерекше білім алуға қажеттілігі бар азаматтарды сапалы оқытуға (ЕБК) тең қол жеткізу жағдайларын жасау заңнамалық деңгейде жоғары оқу орындарының әлеуметтік жауапкершілігінің көрсеткіші болып табылады. Бұл бағытта еліміздің жоғары оқу орындары мақсатты жұмыс жүргізуде: инклюзияны ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, ЕҚТА-мен білім алушылармен жұмыс істеу үшін ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау, инклюзивті білім беру кафедраларын құру, арнайы материалдық-техникалық базаны күшейту. Кәсіптік стандарт негізінде инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтер үшін (пән мұғалімдері, педагогтер, педагог - ассистенттер және басқалар) біліктілік талаптарын жаңарту.

8. Қашықтан білім беру. Covid-19 пандемиясы жағдайында білім беру жүйесі қашықтан оқыту режимінде жұмыс істеуде. Қашықтан білім беру білім алушыларға дәстүрлі емес ақпарат көздеріне қол жеткізуге, өзіндік жұмыстың тиімділігін арттыруға және шығармашылық үшін жаңа мүмкіндіктер береді, әртүрлі кәсіби дағдыларды игеруге, және бекітуге, оқытушыларға оқытудың түбегейлі жаңа нысандары мен әдістерін іске асыруға ықпал етеді.

9. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету – еріктілік, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік, көшбасшылық, коммуникативтілік, зерттеу дағдылары, кәсіпкерлік және т.б. Педагогикалық ұжымдардың міндеттері – оқушылардың «моральдық компасты», яғни бақытты өмір сүру үшін қажетті дұрыс және бұрыс, тұрақты әдеттерді сезінуін қамтамасыз ету және көзқарасын анықтау.

10. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары негізінде педагог кадрларды дайындау. Білім алушыларда негізгі модульдер бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша ЮНЕСКО ұсынымдарының түйінді принциптерімен келісілген бағдарламалар: оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдер; сыни ойлауға оқыту; оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау; оқыту мен

білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану; талантты және дарынды оқушыларды оқыту; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқыту; оқытудағы көшбасшылық және басқару.

3 Бөлім. ҚҰНДЫЛЫҚТАР, МИССИЯ, ПАЙЫМДАУ

Abai University педагог-ғалымдары, қызметкерлері мен студенттері ұжымның әрбір мүшесінің дамуы үшін жағдай жасайтын төмендегі құндылықтармен бөліседі: **кәсібилік, жауапкершілік, адалдық, жұмылдырушылық, студенторталықтық, көшбасшылық.**

МИССИЯ:

«Біз озық әдістемелер, ұлттық мұра және әлемдік тәсілдер негізінде заманауи білім беру қажеттіліктерін алдын ала болжайтын педагогтерді дайындаймыз.

Біз мұғалім мамандығының беделін арттырамыз және адами капиталды дамытудың драйвері боламыз».

ПАЙЫМДАУ – 2025:

Абай университеті 2025 жылы Орталық Азиядағы педагогикалық білім беру көшбасшысы, жаңа формациядағы педагогтар шеберханасына айналады.

4 Бөлім. ABAI UNIVERSITY СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Университеттің келесі сегіз стратегиялық даму бағыттары бар:

1. Abai University – академиялық шеберлік орталығы
2. Abai University – педагогикалық зерттеу университеті
3. Abai University – ашық университет
4. Abai University – әлеуметтік жауапты университет
5. Abai University – жұмылдырылған университет
6. Abai University – сандық университет
7. Abai University – тиімді университет
8. Abai University – friendly campus

4.1 ABAI UNIVERSITY – АКАДЕМИЯЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Abai University өзінің негізгі құзыретін педагогика, оқыту әдістемесі, оқыту технологиясы саласындағы перспективалы құзыреттерді анықтай алуымен және инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлей білуімен айқындайды.

Abai University кәсіби білім мен дағдыларды алуда шабыт пен уәждеменің қолайлы ортасына, білім алушылар мен қызметкерлер мүдделерінің прогрессивті өзгерістеріне ұмтылуда креативті идеялар мен мүмкіндіктер кеңістігіне айналады.

Біз ішкі әлемі бай, ой-өрісі кең, ақыл-ойы, руханилығы, мейірімділігі және педагогикалық әдептілігі жоғары, озық тәрбие әдістемелері мен технологияларын меңгерген жаңа формация педагогын дайындаймыз. «Жаңа формациядағы педагог портреті» және Педагогтың кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларының негізіне айналады.

Abai University-де руханиятты тәрбиелеудің негізгі басымдығы – ұлттың мәдени дәстүрлері мен жастарды тәрбиелеу тәжірибесін, әл-Фараби, Абай және т.б. еңбектерінде қамтылған қазақ педагогикасы мен этикасын, Абайтануды түсіну арқылы ұлттық сана-сезімді жаңғырту және ұлттық мәдени кодты сақтау.

Abai University педагогикалық ғылыми мектебі Шығыс және батыс, дәстүрлі және заманауи тәсілдердің синтезіне сүйене отырып, ұлттық білім беру жүйесінің тұжырымдамасын және ұлттық білім беру жүйесін дамытудың векторы ретінде қазіргі заманғы мектептің ұлттық моделін: мақсатты орнату және күтілетін нәтижелер; экономикалық жағдайлар және қаржыландыру; іске асыру тетіктері мен құралдарын ескере отырып әзірлейтін болады.

Abai University ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда, Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру тұжырымдамасын жасау шеңберінде «цифрландыру» және «инклюзивті білім беру» пилоттық жобаларын әзірлеу және енгізу, мектеп мұғалімдерін, мектепке дейінгі және арнайы білім беру ұйымдары педагогтерін, педагогикалық колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттерін, интеграцияланған білім беру бағдарламаларын жасау үшін инклюзивті білім беру саласындағы қоғамдық құрылымдарды біріктіретін кәсіби педагогикалық қоғамдастықты (community of practice) шоғырландыру міндетін өзіне алады.

Abai University Дүниежүзілік банктің ҚР БҒМ бастамасымен қолға алынған «Орта білім беруді жаңғырту» жобасында «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» бөлімі аясында педагог кадрларды даярлаудың 20-дан астам жаңа білім беру бағдарламасын (ББ) әзірлейді. Академиялық ұтқырлық орталығының мемлекеттік қаржыландыру бағдарламасы аясында Abai University 8 инновациялық ББ жүзеге асырады: STEM Biology, STEM Math, STEM Physics, STEM Chemistry, STEM Geography, Special Pedagogy: work with children with autism, Special Education and Inclusion, Digital Instructional Design.

2025 жылға қарай аккредиттелген бағдарламалар саны 35 бірлікке ұлғаяды (қазіргі уақытта 76 аккредиттелген бағдарлама): бакалавриат – 20 , магистратура – 10 , Ph.D – 5). Abai University білім беру бағдарламалары қосарланған және салынған траекториялар бойынша арнайы және пәндік құзыреттерді алу, оқыту тілін таңдау, оқытудың жеке траекториясын таңдау мүмкіндіктерін ашады.

Қазақстанда жалпы білім беретін мектептердің 40%-дан астамы – шағын жинақталған мектептер (ШЖМ), бұл бірнеше пән бойынша мұғалімдерге қажеттілікті айқындайды. Университет Major-Minor және Double Major схемасы бойынша бағдарламалар пүлін кеңейтеді, 2025 жылға қарай ШЖМ мұғалімдерін даярлау үшін, олардың үлесі тиісінше 15% және 25%-ды құрайтын болады.

Abai University Қазақстандағы шағын жинақты мектептерге мүдделі қолдау көрсетеді: «ҚР ШЖМ академиясы» әдістемелік көмек көрсетудің цифрлық порталы жұмыс істеуде; ШЖМ-да жұмыс істеу бойынша практикаға бағытталған курстар; ШЖМ директорларын қайта даярлау курстары ашылуда, «ШЖМ оқушыларына арналған электрондық тьюторлық қызмет», «ШЖМ оқушыларымен онлайн мастер-кластар, олимпиадалар, конкурстар және т.б. өткізу» студенттік жобалары ашылды.

Abai University-дің бірегей білім беру ортасы педагогикалық кадрларды кәсіби көптілді даярлауды қамтамасыз етеді, бұл тек үш тілде білім алуға ғана емес, сонымен қатар үш тілде сабақ беруге де мүмкіндік береді. Біз қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген мұғалімдерді даярлау үшін үш тілде білім беру бағдарламаларын дамытатын боламыз. 2025 жылға қарай ағылшын тілінде мұғалімдерді даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының үлесі – 20% құрайды.

Әлемнің жетекші университеттерімен бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын құру педагогтар мен мамандарды даярлау сапасын арттырудың маңызды бағытына айналады. 2025 жылға қарай Abai University-де 20 қос дипломды бағдарлама іске асырылады.

2025 жылға дейін Abai University психологиялық-педагогикалық цикл пәндері бойынша 120 онлайн-курсты (ЖАОК) іске асырады.

Abai University білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың тиімділігі:

– оқытудағы құзыреттілік тәсіл;

- стейкхолдерлердің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы;
- бағдарланған жобамен оқыту;
- дуалды оқытуды дамыту;
- траекторияларды, курстарды, оқытушыларды таңдау кезінде студенттерді оқытуды дербестендіру;
- үдерістер мен бағалау әдістерінің тиімді жүйесі.;
- жеке және академиялық даму мүмкіндіктері, сондай-ақ студенттің жеке өсуін жоспарлау;
- ерекше қажеттіліктері мен танымдық кедергілері бар студенттерді қолдау.

Цифрлық білім мен зерттеушілік құзыреттер Abai University түлектеріне IT-құзыреттердің сарапшылық деңгейін, ғылыми-зерттеушілік ізденіс дағдылары мен машықтарының кешенін меңгеруге мүмкіндік береді.

Abai University-дің артықшылығы – университет кез-келген жаста жаста сапалы білім алу мүмкіндігін ұсынады. Біздің басымдықтарымыз – инклюзивті білім беру, кәсіби қайта жүктеу, Life-long Learning, белсенді ұзақ өмір сүру бағдарламалары.

Life-long Learning тұжырымдамасын іске асыру үшін Abai University жасына қарамастан, жеке немесе кәсіби себептер бойынша өмір бойы саналы түрде оқу мүмкіндігін ұсынады. Университеттің басымдығы үздіксіз кәсіби даму бағдарламалары бойынша мұғалімдерді қайта бағдарлау, білім беру жүйесінің педагогтар мен менеджерлерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Университет ПОҚ сапасын арттыруға мүдделі, оқытушылық шеберлік орталығын (Center for Teaching Excellence), қашықтықтан оқыту орталығын ашады.

Бағдарламалар оқытушылық шеберлік орталығы (Center for Teaching Excellence):

- **Master's of Education Administration (MEA)** – білім берудегі менеджменттің бейіндік магистратурасы;
- *өндірістен алыстамау үшін* балабақшалардың, мектептердің, колледждердің, ЖОО-лардың қазіргі және болашақ басшыларын дайындау;
- *таңдау бойынша мамандандыру: 1) цифрлық білім беру, 2) білім беру құқығы, 3) инклюзивті білім беру, 4) білім берудегі қаржы және экономика.*
- **Master's of Education entrepreneurship** студенттердің кәсіпкерлік ойлауын дамытуға бағытталған мамандарды даярлауға арналған білім беру ұйымының нұсқаулығын (capstone - кеңейтілген бизнес-жоспар) даярлау үшін берілген;
- **Executive Doctorate in Education (EdD)** – білім беру ұйымдарының басшыларына арналған өндірістен алшақтамайтын бейіндік докторантура;
- Abai University профессор-оқытушылар құрамына арналған **қысқы және жазғы мектептер**;
- **PGCE бағдарламасы** – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық емес білімі бар тұлғаларға, бастауыш мектепте жұмыс істеуге, сондай-ақ, орта мектептің пән мұғалімдеріне (педагогикалық мамандыққа «бүйірлеп кіру»);
- Орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін – педагогикалық қайта даярлау бойынша қосымша білім берудің сертификаттау курстары (СБШ 4 және 5-деңгейлері);
- Алматы қаласы мен Алматы облысы колледждерінің мұғалімдері мен оқытушыларына цифрлық оқыту контентін, онлайн және цифрлық педагогиканы құру бойынша курстар;
- **Abai Learning & Development** сертификаттау орталығы;
- қосымша білім алуға арналған ваучерлік жүйе;
- Өрлеу, НЗМ, РФММ және т.б. ынтымақтастық.

Университет сапаны бақылау функциясынан университеттік қызметтің барлық аспектілерінің сапасын талдау және жетілдіру функцияларына біртіндеп көшетін болады. Университетте жүзеге асырылатын процестердің сапасын мониторингтеудің негізгі құралы болып табылатын институционалдық тиімділік Кеңесін құру жоспарлануда. Нәтижесінде

профессорлық-оқытушылық құрамның жауапкершілігіне, педагогикалық рефлексия мен командалық жұмысқа негізделген академиялық процестің сапасын ішкі қамтамасыз етудің үйлесімді жүйесі құрылады.

Оқытушылық шеберлік орталығының жанынан сертификаттау бөлімін ашу жоспарлануда. Оның жанында Abai University-дің әрбір түлегі университеттің Өрлеу, табысты мектептер (НЗМ, БИЛ, РФММ, IQanat High School және т.б.) сияқты ұйымдармен өзара ынтымақтастықтың нәтижесінде қосымша кәсіби сертификаттар алу мүмкіндігіне ие болады. Осылайша, университет болашақ тәрбиешілерге микроцепени (nanodegree) ұсынады.

Abai University-білім мен ғылымдағы академиялық адалдықтың көшбасшысы, өйткені Abai University Қазақстан жоғары оқу орындарының арасында бірінші болып ISO 37001-2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін енгізу туралы сертификат алды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайту үшін Abai University білім беру, ғылыми, басқару, қаржы үдерістері стандартталып, автоматтандырылады. Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес, «Парасат» орталығы, «Sanaly uiraq» студенттік клубы жұмыс істейді, «Антиплагиат», «Прокторинг» жүйелері енгізілген.

ABAI UNIVERSITY ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ФАКУЛЬТЕТТЕРІН ДАМУ

Педагогика және психология институты. ПжПИ 2025 жылға қарай отандық мектеп үшін кадрларды инновациялық даярлаудың орталығына айналады, инновациялық педагогты озыңқы дайындау қағидатын енгізеді. Институт Double-Major: мектепке дейінгі, бастауыш білім беру білім беру бағдарламаларын дайындайды және жүзеге асырады. Университетті бітіргенде студент екі мамандықты иеленіп шығады. KAZDUAL бағдарламаларын іске асыру шеңберінде арнайы педагогика, бастауыш білім беру бағыттары бойынша толыққанды дуалды оқыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады. «Педагогика», «Психология», «Инклюзивті білім беру», «Басқару психологиясы», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Өзін-өзі тану» бойынша ЖАОК автономды бағдарламаларын әзірлейді. Магистратура мен докторантураның қос дипломды бағдарламалары (Джакарта университетімен докторантураның қос дипломды бағдарламасы, Валенсия университетімен Педагогика және психология бойынша магистратура мен докторантураның қос дипломды бағдарламалары, қазан (Волга) федералдық университетімен бірлескен бағдарламалар) құрылатын болады.

Серіктестер: ЭЖМ ҒЗУ білім беру институты, РМПУ им. Герцен, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті, Джакарта университеті.

Жаратылыстану және география институты. ЖжГИ 2025 жылға қарай жаратылыстану және география жоғары мектебіне айналады. Білім берудің барлық сатыларының қос дипломды және бірлескен бағдарламалары, зерттеу жобалары құрылатын болады. Білім беру бағдарламалары қоғамның сұраныстарына сәйкес әзірленетін болады, дуалды білім беру (педагогикалық ББ) бағдарламалары дамитын болады. Атап айтсақ, География – Өлкетану (педагогикалық бб+ жаңа ББ); География – экология (педагогикалық ББ+ жаңа ББ); Экология-туризм (ғылыми ББ + жаңа ББ).

Серіктестер: Окаям университеті, Жапония; Әулие Климент Охридский атындағы София университеті, Болгария; Лейпциг университеті, Германия; Улудаг университеті, Акдениз университеті, Түркия; Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті. Герцен, Томск мемлекеттік университеті, Ресей; Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті. Максима Танка, Беларусь.

«Сорбонна – Қазақстан» Институты. Институт 2025 жылға қарай Орталық Азия өңіріндегі Қазақстан-француз ғылыми-білім беру хабы және халықаралық құқық, халықаралық қатынастар, экономика мен қаржы, менеджмент пен білім берудің өзекті

мәселелерін талқылайтын диалог алаңына айналады. «Халықаралық құқық: Еуропалық құқық», «Халықаралық қатынастар», «Экономикалық мамандықтар», «Білім беру-Педагогика» бағыттары бойынша Қазақстан-француз ғылыми-білім беру орталығы құрылатын болады. «Француз тілі шет тілі ретінде» – шет тілі мұғалімі (француз тілі-ағылшын немесе француз тілі – шығыс тілдерінің бірі), «Цифрлық құқық: цифрлық білім беру» білім беру бағдарламалары әзірленетін болады. Сорбонна-Қазақстан институты жұмыс берушілермен ынтымақтастық орнату үшін халықаралық диалог алаңы ретінде кейіннен жұмысқа орналастыру арқылы кәсіптік практика базасын нығайтады. «Жақсылық акселераторы» әлеуметтік жобасы халықаралық қозғалысқа жол ашады.

Серіктестер: ИНАЛКО, Сорбонна Париж Ситэ университеті, Пуатье университеті, Лотарингия университеті, Страсбург университеті, Экс-Марсель (Франция), Лилль университеті, Перьпеньян университеті, Орталық Азияны зерттеу бойынша француз институты (Сорбонна университеті), Дидро университеті, франкофон университеттері агенттігі (Париж), Париж Сакле университеті, ҚР және ФР мемлекеттік органдары, Франция-Қазақстан Сауда-өнеркәсіп палатасы және т.б.

Математика, физика және информатика институты. Институт математика, физика және информатика жоғары мектебіне айналады. Білім берудің барлық сатыларының қос дипломды және бірлескен бағдарламалары, зерттеу жобалары құрылатын болады. STEM-оқыту одан әрі дамиды және STEAM-білімге айналады. Double-Major: «Математика және статистика», «Ғылыми физика», «Математика және қаржы», «Математика және IT», «Физика және IT», «Физика және химия» білім беру бағдарламалары әзірленеді. Институт өз кафедраларының филиалдарын қазақ сыныптары бар Өзбекстан, Қырғызстан мектептерінде ашады.

Серіктестер: В.П. Астафьев атындағы Красноярск мемлекеттік университеті, Лейпциг университеті, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті.

Тарих және құқық институты. ТжҚИ 2025 жылға дейін азаматтық сана-сезімнің негізі және жауапты азаматтық ұстаным ретінде тарихи жадыны сақтауға ықпал ететін мұғалімдерді дайындаудың жетекші орталығына айналады. 2024 жылға қарай «6B01601 – Тарих», «6B04201 – Құқық», «6B02202 – Тарих-география» бағыттары бойынша 3 қос дипломды білім беру бағдарламасы енгізіледі. «Діттану», «Цифрлық тарих» жаңа білім беру бағдарламалары әзірленетін болады.

Серіктестер: Мармара университеті, Стамбул университеті, Литва құқық университеті.

Филология және көптілді білім беру институты. ФжКББИ 2025 жылға дейін жоғары филология мектебіне айналады. Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлейді және енгізеді: «Ағылшын тілі мен әдебиеті» ББ, «Орыс-қазақ аудармасы» және «Қазақ-Орыс аудармасы» мамандықтары бойынша «Аударма ісі» ББ, «Филология және информатика» ББ, «Лингвистикалық компьютерлік технологиялар», «Филология және қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникативтік технологиялар» ББ, «Филология және медиакоммуникация» магистрлік бағдарламасы, «Цифрлық гуманитаристика» ББ, «Жобалар бойынша маман-педагог»). Фырат университетімен, Кастамону университетімен (Түркия) бірлесіп әлемнің жетекші университеттерімен бірлескен және қосдипломды ББ әзірлейді. Институт Қазақстан мектептерінің базасында оқу дағдыларын өлшеудің цифрлық құралын әзірлеуді және енгізуді көздейтін халықаралық жобалау қызметінің орталығына айналады.

Серіктестер: Могилев мемлекеттік университеті (Белоруссия); София университеті (Болгария); Фрайбург педагогикалық университеті (Германия); Литва Эдукологиялық университеті (Литва); Таллин университеті (Эстония); Казан федералдық университеті (Ресей); Слупск Помор академиясы (Польша); Малтепе университеті (Түркия); Мугла Сыткы Кочман университеті (Түркия).

Өнер, мәдениет және спорт институты. ӨМЖСИ өнер, спорт және әскери дайындық бойынша педагогтарды, сондай-ақ арт-менеджмент бойынша мамандарды даярлаудың танымал орталығына айналады. Ханшайым педагогикалық университетімен, Ақдениз университетімен, Мармара университетімен (Анталья, Түркия), Педагогика жоғары мектебімен (Гейдельберг қ., Германия), Новосибирск педагогикалық университетімен «Кескіндеме», «Дизайн», «Сән дизайны» мамандықтары бойынша бакалавриат, магистратура қос дипломды білім беру бағдарламалары енгізілетін болады. Жаңа «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасы енгізіледі. Жоғары оқу орындарымен бірлесіп біліктілікті арттыру курстары, халықаралық шеберлік сыныптары мен ОПК көрмелері ұйымдастырылады.

Серіктестер: ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы жанындағы ҚР Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитеті, Алматы қаласындағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросы, ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы, Түркия қолөнершілер қауымдастығы, ҚР Дизайнерлер одағы, ҚР Суретшілер Одағы.

Шетел азаматтары және жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультеті (Foundation). Факультет ҚР азаматтарын жоғары оқу орнына дейінгі даярлау және университетте оқуын одан әрі жалғастыру үшін шетелдік студенттерді тілдік қайта даярлау орталығына айналады. 2025 жылға қарай МПМУ-мен қос дипломды білім беру бағдарламасы іске асырылатын болады: «Іскерлік орыс тілі В2-С1 деңгейі» жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлейді. Абай орталықтарының жұмысы шетелде (Вьетнам, РФ) қайта форматталады және жандандырылады. Кафедраның ғылыми-зерттеу жобалары артады. Халықаралық ғылыми деңгейдегі журналдардағы жарияланымдар саны артады.

Серіктестер: шетелдік серіктес жоғары оқу орындары МПМУ, РУДН (РФ), Чжецзян институты (ЮЕСЮ, ҚХР), Іле университеті (ҚХР) коллаборациясында халықаралық зерттеу топтарын құру.

4.2 ABAI UNIVERSITY – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

Abai University заманауи ғылыми бағыттар мен форсайт – зерттеулердің, оның ішінде ұлттық білім беру мен ұлттық тәрбие, инклюзивті білім беру, превентивті педагогика мен психология, шетелдік педагогиканы талдау саласындағы жетекші орталыққа айналады.

Университетте өткізілетін конференциялардың кемінде 30%-ы халықаралық мәртебеге, Scopus базасында кемінде бір жыл сайынғы конференцияларға ие болады. Халықаралық ғылыми конференцияларға қатысқан ПОҚ, қызметкерлердің үлесі 30%-ға дейін өседі. 2025 жылға қарай ОПК-ның үштен бірі Ғылыми зерттеулерге қатысатын болады. 2025 жылға қарай ОПК-ның 20%-дан астамы Web of Science және Scopus базаларында индекстелетін рецензияланатын халықаралық журналдарда жарияланымдарға ие болады.

Abai University-нің бір журналы Scopus базасына енгізіледі. Университет ПОҚ-ның әлемнің жетекші университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы іске асырылатын болады, ол 30 қызметкерге дейін – профессор-зерттеушілер мен постдокторанттар пулінен, кемінде 10 халықаралық сарапшылардан құрылады.

